



Автор: Боранкулова Жұлдыз Сайыновна

Пән: Музыка

Сынып: 6-сынып

Бөлім: Музыка және өнер түрлері

Тақырып: Музыка және бейнелеу өнері

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	6.1.1.1 - тыңдаған музыканы талдап, түрін, стилін және жанрын, оның ішінде басқа да өнермен қарым-қатынасын анықтау; 6.1.2.3 - көркемдік бейнесін шығару кезінде музыкалық және басқа да өнер туындыларының әселеуші құралдарын салыстыру; 6.2.2.1 - музыкалық көркемдікті, дауысты, музыкалық аспаптарды пайдаланып композицияларды құрастыру және импровизациялау;
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: музыканың көркемдік ерекшеліктерін ажыратып, мәнін түсінеді; Көптеген оқушылар: дыбыстарды есту арқылы музыкалық шығарманың мағынасына сай бейнелерді суреттей алады Кейбір оқушылар: Естіген музыкасына сәйкес бейнелерді елестету арқылы сурет сала алады.
Тілдік мақсаттар:	Пәнге тән лексика мен терминология: Музыка , сурет, бейне, ырғақ, әуен, пейзаж Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер:
Күтілетін нәтиже:	Музыканың көркемдік ерекшеліктерін ажыратып, мәнін түсінеді; Дыбыстарды есту арқылы музыкалық шығарманың мағынасына сай бейнелерді суреттей алады.
Бағалау критерийлері:	Смайликтер арқылы бағалау
Құндылықтарды дарыту:	Бірін-бірі сыйлауға, тыңдауға, әділ бағалауға, шығармашылыққа тәрбиелеу. Тыңдаған музыканы бейнелелермен байланыстыру қиялын дамытуды қамтамасыз ету арқылы баланың бойындағы музыкалық қабілеттерін жетілдіру.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интерактивті тақта, көрнекі құралдар т.б.
Пәнаралық байланыс:	Бейнелеу өнері
Бастапқы білім:	Музыка мен суреттің байланысы

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 мин)	Ұйымдастыру кезеңі Стартер. Миға шабуыл. Интерактивті тақтада тақырыпты ашуға көмектесетін жайлауды бейнелейтін суретпен «Сарыжайлау күйі» көрсетіліп тыңдатылады. Оқушылар сабақтың тақырыбын анықтайды. Сұрақ-жауап: Сурет пен музыка қалай байланысады? Берілген пейзаж музыканың мәнін аша алды ма? Бүгінгі тақырып қандай болуы мүмкін? Сабақтың мақсаттары мен бағалау критерийлері таныстырылады.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (25 мин)	<p>Топтық жұмыс Оқушылар «Пазл жинау» әдісі бойынша топтарға бөлінеді (сурет топтағы бала санына қарай бөлшектенеді).</p> <p>1) 2) 3) 4) 1 тапсырма: Жеке жұмыс. Н.Тілендиевтің «Сары жайлау» әнін тыңдап қағаз бетіне бейнелеу.</p> <p>Дескриптор 1 • Тыңдалған шығарманың • Ән мәтінінің авторын табу • Әннің сазгерінің есімін анықтау • Мәтін мен әуеннің мазмұндық үйлесімділігін талқылап айту • Әнді топпен аспаптарды қолдана отырып әндетіп беру • Өзге топтардың жұмысына баға беру ҚБ. Өзара бағалау. Бағалау критерийлері: 1. Әннің поэтикалық мәнін түсінеді 2. Авторы туралы мәлімет береді 3. Әуенін топта орындайды</p> <p>2 тапсырма:Топтық тапсырма. Топтарға әр түрлі мәндегі 4 шумақ өлең жолдары таратылып беріледі Берілген мәтінге фондық музыка таңдап, ырғағына сәйкестендіре отырып мәнерлеп оқу Дескриптор 2 • Мәтінді талқылап, мәнін ұғыну • Мағынасына сәйкесетін фондық музыка табу немесе аспаптардың көмегімен сүйемелдеуді ұйымдастыру • Тыныс белгілерін ескере отырып мәнерлеп айтып беру • Өзге топтардың жұмысына бағалау ҚБ. Өзара бағалау. Бағалау критерийлері: 1. Мәтіннің жанрлық және стильдік ерекшеліктерін ажыратады. 2. Құрылымын сақтай отырып әуен шығарады. 3. Ырғақтық пен әуенді үйлесімді етіп орындайды.</p>	
Сабақтың соңы (5 мин)	<p>Рефлексия: «Мозаика» әдісі. 1. Маған ұнаған әрекет. 2. Маған қиындық тудырғаны. 3. Менің ұсынысым. 4. Менің көңіл-күйім. Кері байланыс. Мұғалім бағалау критерийлері бойынша не сәтті, не сәтсіз болғанына тоқталып, сындарлы кері байланыс береді.</p>	
Рефлексия (5 мин)	<p>Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.</p>	